

## Ақбұлақ – қасиетті мекенім!

Қазіргі Ақбұлақ ауылының іргесін сонау 1747 жылы Сыр бойынан қоныс аударғандар қалап, Алғабас деп атаған екен. Алғабас жерінде 1960 жылдарға дейін үлкен елді мекен өмір сүрген. Ал Миргородка – 1908 жылы Украинадан жер ауып келген 300 үйлі мұжықтардың атауы. Азамат соғысынан кейінгі 1921-1922 жылдары халықтың көбі ашаршылықтан, обадан көз жұмды. Сөйтіп, осы кезеңдері ауылдағы халық саны азайып қалды. 1929 жылы Алғабас ауылының ізінде «Алғабас» кеңшары, ал 1930 жылы украиндық қоныстанушылар орын тепкен Миргородкада «Свет» ұжымшары құрылды. Соңғысының төрағасы боп ел арасында сый-құрметке бөленіп жүрген Донбасстан келген алдыңғы қатарлы шахтер А.Солов, ал ауылдық кеңес төрағалығына Я.Беленький тағайындалады.

1941 жылы Ұлы Отан соғысының басталғандығы туралы суық хабар бақыттың базарын кешіп жатқан жұрттың басына ашық күнде найзағай ойнап, жай түскендей әсер етті. Ауылдан ел қорғауға аттанған ер-азаматтардың қырыққа жуығы қанқұйлы жаумен кескілескен ұрыстарда қасық қанын қиып, туған жерге оралмады. Соғысқа қатысқан осы ауылда тұрған соғыс ардагерлері: А.Кушаев, К.Жауканов, Т.Лукпанов, Р.Нуржанов, С.Соколов, Б.Габбасов, Х.Жанзаков, М.Давлетьяров, Ж.Казманов. 1954 жылы Березов совхозының құрамынан бөлініп дербес Миргород кеңшары болып құрылды. Бұл тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарының жемісі. Бұл жерде алғаш ат басын тірегендер кеңшар директоры Кисня және бас инженер П.Маркварт, жүргізуші Б.Сұлтанов болды.

1955 жылдың ақпанында механизаторлар және құрылысшылар келді. Олардың басым көпшілігі Краснокамск қаласынан еді. Алғашқыда вагондар мен шатырларда тұрды. Ақбұлақ өзенінің бойындағы жазық далада бой көтерген кеңшардың орталық усадьбасының құрылысы басталды. Жұмыстар өте қарқынды жүрді. Сол кездегі тың көтеруге келген адамдар: В.П.Рябой, А.Я.Тимкова, В.А.Кулакова, Ф.Я.Фурлет.

1965 жылы ішкі шаруашылық өрісін кеңейте отырып, мал шаруашылығымен айналысты. Шаруашылықтың негізгі саласы - қой өсіру болды. Сол жылдардағы қой өсімі 32-34 мыңға дейін көтерілді. Миргород қой шаруашылығын тұңғыш Т.Е.Есенғалиев біраз жылдар басқарған. 1968 жылы кеңшар шопандары төл алудан мемлекеттік жоспарды төрт есе асыра орындап, алдыңғы кеңшар мәртебесін иеленген. 1996 жылы “Ақбұлақ” өндірістік кооперативі деп аталды, ал 1998 жылы Ақбұлақ селолық округі атауын алып, бүгінде қанатын кеңге жаюда. Ақбұлақ аумағындағы көрікті жерлердің бірі – ауылдан 20 км жерде орналасқан Ақтау тауы. Биіктігі 263 метр болатын тау Батыс Қазақстан

облысындағы ең биік тұсы болып саналады. Алайда бор шоқыларының арасынан таудың биіктігі білінбейді. Ол солтүстік шығыстан оңтүстік батысқа қарайғы бағытта ені 50-60 метр, ұзындығы 250-300 метр шағын жотаға орналасқан. Жоталар онша үлкен емес өрт шоқыдан тұрады. Солтүстік батыс баурайы неғұрлым жайпақ, ал қарама-қарсы беті бірнеше кішігірім құламалары бар тік жар. Бетеге аралас ақ селеу, тобылғы, ешкісабақ және басқа да далалық бұталы өсімдіктер өседі. Осыдан бірнеше жыл бұрын Алматыдан ат арытып келген кинематографистер түсірген «Әлемнің тоғызыншы континенті» деректі фильміне Ақтау тауы баурайының табиғаты, тамаша көріністері түсірілді. Сонымен қатар, бұл жерде өндірілетін сары, қызыл құмдарды 80-ші жылдары чех құрылысшылары Ақсай қаласында тұрғызған 9 қабатты үйлердің құрылысына пайдаланған. Қазіргі таңда Ақбұлақ селолық округіне қарасты Сатайкөл бөлімшесі, Мәдениет үйі, кітап қорын құрайтын кітапхана, емхана, 102 оқушы білім нәрімен сусындап жатқан екі қабатты білім ордасы бар. Ақбұлақ ауылы біз үшін жеті жұрт жайлап –қонған қасиетті мекен, құтты қоныс.



**Здание конторы**



**Детский комбинат «Звездочка»**

«Бөрлі жаршысы» №48, 01.12.2016

Әділқайыров Қуаныш Айдарбекұлы